

7 сынып бойынша сұрақтар

1. Градация дегеніміз не?
2. Мінездеме дегеніміз не?
3. Ақселеу Сейдімбектің шығармаларын атаңыз?
4. Әдеби қаһарман дегеніміз не?
5. Жанр дегеніміз не?
6. Төле би Тайкелтірді қалай сынады?
7. Тарихи шындық дегеніміз не?
8. Эпитет дегеніміз не?
9. «Керкұла атты Кендебай» ертегісіндегі Кендебайдың бойында үлгі боларлық қандай қасиеттер бар?
10. Халық ауыз әдебиеті дегеніміз не?
11. Мақал дегеніміз не?
12. Абай Құнанабаевтың балаларға арналған өлеңдерін атаңыз?
13. Метонимия дегеніміз не?
14. Сюжет дегеніміз не?
15. «Ер Төстік» қиял-ғажайып ертегіге жататынын қалай дәлелдеуге болады?
16. Тұрмыс-салт жырларының түрлерін атаңыз?
17. Қазақ салт-дәстүріндегі батаның маңызы?
18. Ыбырай Алтынсариннің балаларға арналған шығармаларын атаңыз?
19. Мақал-мәтелдердің тәрбиелік мәні?
20. Кейіптеу дегеніміз не?
21. Ер Төстіктің көмекшілеріне сипаттама бер?
22. Мысал дегеніміз не?
23. Әсірелеу дегеніміз не?
24. Ахмет Байтұрсыновтың мысал әңгімелері?
25. Ертегі дегеніміз не? Ертегінің түрлерін атаңыз?
26. Шешендік сөздер дегеніміз не?
27. Асан Қайғының жерұйықты іздеудегі мақсаты не?
28. Әңгіме дегеніміз не?
29. Теңеу дегеніміз не?
30. Қазақ әдебиетіндегі діни әңгімелер
31. Бала тәрбиесіне жаңылтпаштардың мәні.
32. Қанатты сөздер дегеніміз не? Мысал келтір.
33. «Аяз би» ертегісінде Жаманды хан болуға лайық деп, оған «Аяз би» деп ат қоюда қандай мән бар?
34. Символ дегеніміз не?
35. Инверсия дегеніміз не?
36. Жиреншенің тапқырлығын қандай аңыз әңгімелерден көруге болады?
37. Махамбет өлеңіндегі Исатай бейнесі?
38. Абай Құнанабаевтың балаларға арналған өлеңдерін атаңыз?
39. Ыбырай Алтынсариннің балаларға арналған шығармаларын атаңыз?
40. Батырлық жыры деген не?

- 41.Монолог деген не?
- 42.Инверсия дегеніміз не?
- 43.Құбылту, яғни троп дегеніміз не?
- 44.Сұлтанмахмұт Торайғыровтың «Бір адамға» өлеңінің тәрбиелік мәні неде?
- 45.Қадыр Мырза Әлінің шығармаларын атаңыз?
- 46.Өлең дегеніміз не?
- 47.Абайдың жиырма тоғызыншы қара сөздерінің мәні?
- 48.Ғ.Мүсіреповтың шоқтығы биік аналар тақырыбындағы туындыларын атаңыз?
- 49.Теңеу дегеніміз не?
- 50.Қайталау дегеніміз не?
51. Аңыз дегеніміз не?
- 52.«Көксерек» повесінің шығу тарихы?
- 53.С.Мұқановтың шығармаларын атаңыз?
- 54.Жиреншенің тапқырлығын қандай аңыз әңгімелерден көруге болады?
- 55.«Аяз би » ертегіде Жаманды хан болуға лайық деп, оған «Аяз би» деп ат қоюда қандай мән бар?
- 56.Асан Қайғының жерұйықты іздеудегі мақсаты не?
- 57.Ыбырай Алтынсариннің балаларға арналған шығармаларын атаңыз?
- 58.Абай Құнанабаевтың балаларға арналған өлеңдерін атаңыз?
- 59.Әңгіме дегеніміз не?
60. Ахмет Байтұрсыновтың мысал әңгімелері?
- 61.Мағжан Жұмабаев «Сүйемін» өлеңінің тақырыбы?
- 62.Шортанбай Қанайұлы «Зар заман» толғауы?
- 63.Қ.Жұмаділовтің «Қаздар қайтып барады» әңгімесінің тақырыбы?
- 64.О.Сүлейменов «Қыз куу» өлеңінің басты тақырыбы?
- 65.Қазақ салт – дәстүріндегі батаның маңызы?
- 66.Қазақ әдебиетіндегі діни әңгімелер?
- 67.Абай Құнанабаевтың балаларға арналған өлеңдерін атаңыз?
- 68.Шешендік сөздер дегеніміз не?
- 69.Ер Төстіктің көмекшілеріне сипаттама бер?
- 70.Бақтығұл мен Тектіғұл Әуезовтің қай шығармасының кейіпкерлері екенін анықтаңыз.

7 сынып бойынша жауаптар

1. Градация дегеніміз не?(Градация (лат біртіндеп көтеру) яғни дамыту – айшықтаудың бір түрі: алдыңғы сөзден соңғы сөзді, алдыңғы ойдан соңғы ойды асыра, асқақтата түсу.Поэзияда, прозада қолданылады.)
2. Мінездеме дегеніміз не? (Мінездеме – жазушы шығарма кейіпкерінің сыртқы портретімен қатар ішкі мінез- құлқын, көңіл – күйін, ой – сырын, ақылын, ниетін, наным – сенімін, дүниеге көзқарасын суреттейді.)
3. Ақселеу Сейдімбектің шығармаларын атаңыз? («Ақиық», «Қыр хикаялары», « Тауға біткен жалбыз», «Аққыз», «Кеніш», «Серпер»)
4. Әдеби қаһарман дегеніміз не? (Әдеби қаһарман- әдебиеттің идеялық-эстетикалық рөліне сай бейнеленетін тұлға.)
5. Жанр дегеніміз не? (Жанр- әдеби шығармалардың жеке түрлері, көркем әдебиеттің салалары. Орныққан жүйе бойынша әдеби шығармалар негізінен үш топқа бөлініп, жіктеледі: эпостық жанр, лирикалық жанр, драмалық жанр).
6. Төле би Тайкелтірді қалай сынады? (Ер тұрманға таласып келген екі кісінің дауын шешуге береді. Ол ерді Төле бидің атқосшы жігітке береді)
7. Тарихи шындық дегеніміз не?(Тарихи шындық – өмір шындығының тарихи тақырыпқа арналған шығармадағы көркемдік көрінісі. Тарихи шындыққа қоғамдық өмірдегі нақтылы құбылыстар, болған оқиғалар, өмір сүрген тұлғалар арқау болады.)
8. Эпитет дегеніміз не? (Эпитет- Белгілі бір құбылысты көз алдына елестету үшін бейнелеп айтылатын сөздерді айтамыз .Мысалы, «Шоқпардай кекілі бар , қамыс құлақ» деген Абайдың өлеңін айтсақ болады.)
9. «Керқұла атты Кендебай» ертегідегі Кендебайдың бойында үлгі боларлық қандай қасиеттер бар? (Кендебайдың ержүректігі, қайтпас қайсарлығы, елін жерін сүюі, мейірім мен қамқорлығы жылағанды жұбатып, қысылғанға жәрдем беріп жүретіндігі, өзінің әкесі мен бауырларын құтқаруы.)
- 10.Халық ауыз әдебиет дегеніміз не? (Ауыз әдебиеті — халық шығармашылығының айрықша саласы, ауызша шығарылып, ауызша тараған көркем-әдеби туындылардың жиынтық атауы.Қазақ халқының мұндай сөз өнерін ғалымдар ауыз әдебиеті деп атаған. Сонымен бірге ғылым мен мәдениетте “халық шығармашылығы”, “халық поэзиясы”, “халықтың ауызша сөз өнері” дейтін атаулар да осыған жақын мағынада қолданылады)
11. Мақал дегеніміз не? (Мақал – халық поэзиясының бір түрі, үлкен ойдың ықшамдалып, дәл айтылған нұсқасы. Мақал ойдың тура мағынасын да, кейде астарлы мағынасын да береді.)

12. Абай Құнанабаевтың балаларға арналған өлеңдерін атаңыз? («Әсемпаз болма әр неге», «Ғылым таппай мақтанба», «Қыс», «Жаз», «Өлең сөздің патшасы, сөз сарасы» т.б)
13. Метонимия дегеніміз не? (Метонимия – екі ұғымның жақындығына, ұқсастығына қарай бір сөздің орнына екінші сөзді ауыстырып қолдану тәсілі. Мысалы, әйелді – ақ жаулық, әскерді – қол, бүркіт- ақиық, мұзбалақ, қылышты наркескен дейді.)
14. Сюжет дегеніміз не? (Сюжет фран –зат, өзаражалғасқан оқиғалардың тізбегі, бүртұтас желісі)
15. «Ер Төстік » қиял-ғажайып ертегіге жататынын қалай дәлелдеуге болады?(Мысалы Ертөстіктің достары өмірде жоқ. Қиялдан алынған)
16. Тұрмыс- салт жырларының түрлерін атаңыз? (Бесік жыры, тұсаукесер жыры, жар – жар, тойбастар, беташар, бата – тілек, жоқтау)
17. Қазақ салт – дәстүріндегі батаның маңызы? (Бата бата беру — адал ниет, жақсы тілек білдірудің ұлттық дәстүрі. Дастарқан басында, түрлі жиын-тойларда, т.б. адам өмірінде кездесер ірілі-ұсақты қуаныштар кезінде той, қуаныш иесіне арнап қол жайып, бата береді. Сондай-ақ, қиын сапар, алыс жолға аттанған азаматына ақ жол тілейтін халқымыздың ежелден келе жатқан, кең таралған дәстүрлерінің бірі. Бата беретіндер, көбіне, көпті көрген ақсақалдар мен кеменгер де дуалы ауызды билер болып келеді. Бата қысылғанда — қуат, қиналғанда—медет беріп, әрбір іс-әрекетіңе даңғыл жол ашып, бәле-жаладан қорғайды деп есептелген. Бата көзі тірілерге ғана емес, аруақтарға да жасалған. Батасыз, тілексіз өмір болмайды. “Батамен ер көгереді, жаңбырмен жер көгереді” деп халқымыз текке айтпаған. Батаның да қисыны, айтылатын, айтылмайтын жері болады, қуаныш пен тойдың ретіне қарай, соған лайық Бата тілегі болады.)
18. Ыбырай Алтынсариннің балаларға арналған шығармаларын атаңыз? («Өзен», «Әке мен бала», «Бақша ағаштары», «Дүние қалай етсең табылады?»)
19. Мақал мәтелдердің тәрбиелік мәні?(Отан сүйгіштікке, өз елінің патриоты болуда, елін-жерін шексіз сүйуіне отан туралы айтылған мақал-мәтелдің берері мол.)
20. Кейіптеу дегеніміз не? (Ақын кейде жансыз табиғат құбылысын кәдімгі тірі адамға, жан иесіне ұқсатып, жандандыра , құлпырта суреттейді.Әдебиеттегі мұндай тәсілді кейіптеу деп атайды. Мысалы: А.Құнанбаевтың «Қыс» өлеңі.)
21. Ер Төстіктің көмекшілеріне сипаттама бер?(Баукеспе ұры, Желаяқ, Саққұлақ, Таусоғар, Көлтауысар, Қырағы)
22. Мысал дегеніміз не? (Мысал - деп адам бойындағы кемшіліктерді сынап, адалдық, әділдік, қайырымдылық сияқты жақсы қасиеттерді мадақтап жазатын шығарманы айтады. Мұндай шығармада өсімдіктер мен жануарлар, аңдар мен құстар кейіпкер ретінде алынады.)
23. Әсірелеу дегеніміз не? (Бір нәрсені немесе оқиғаны күшейтіп, үлкейтіп айту дегенді білдіреді)

24. Ахмет Байтұрсыновтың мысал әңгімелері? («Өгіз мен бақа», «Егіннің бастары»)
25. Ертегі дегеніміз не? Ертегінің түрлерін атаныз? (Ертегілер ауыз әдебиетінің ең көне жанрына жатады. Бұларда көбінесе өмірде сирек кездесетін немесе мүлде кездеспейтін, ойдан шығарылған оқиғалар баяндалады. оның үш түрі бар: шыншыл ертегілер, қиял – ғажайып ертегілер, хайуанаттар туралы ертегілер)
26. Шешендік сөздер дегеніміз не? (Шешендік сөздер- елге белгілі адамдардың қайсыбір оқиғаға байланысты айтқан тапқыр сөздері)
27. Асан Қайғының жерұйықты іздеудегі мақсаты не? (Асанқайғы Желмаяға мініп, жиһан кезіп «Жерұйық» дейтін ну орманды, көкорай шалғынды, сулы жер, қой үстіне бозторғай жұмыртқалайтын қоныс іздейді. Ұлытаудың бас жағына келіп дүние салыпты)
28. Әңгіме дегеніміз не? (Әңгіме- оқиғаны баяндап айтуға негізделетін, қарасөзбен жазылған шағын көркем шығарма. Әңгіменің жанрлық ерекшеліктері алдымен баяндау тәсілі, композициялық, сюжеттік құрылысы, кейіпкер жүйесі арқылы айқындалады.)
29. Теңеу дегеніміз не? (Теңеу- құбылысты басқа нәрсемен салыстыру арқылы сипаттау тәсілі. Әр нәрсені салыстыру негізінде жасалатын бейнелі сөздер)
30. Қазақ әдебиетіндегі діни әңгімелер? («Қасиетті құран кәрім жайында», «Адамата», «Сымайыл», «Зәмзәм»)
31. Бала тәрбиесіне жаңылтпаштардың мәні? (Баларды жаңылтып, жаңылмас үшін қайта – қайта айтқызып, дағдыландырып, сөзді жаңылмай, шапшаң айтуға үйрету үшін)
32. Қанатты сөздер дегеніміз не? Мысал келтір? (Даналық қорындыға құрылған мейлінше жинағы әрі мағыналы сөз. Қанатты сөздердің авторы анық болады. «Халық пен халықты, адам мен адамды теңестіретін насе- білім» (М.Әуезов))
33. «Аяз би» ертегіде Жаманды хан болуға лайық деп, оған «Аяз би» деп ат қоюда қандай мән бар? (Жаман өзінің әділдігімен таққа мінген соң, соғыспай, ақылмен бес хандықты өзіне қаратты. Сол уақыттан бастап, әділдігі үшін бес ханның елі Жаманға «Аяз би» деп ат қойыпты)
34. Символ дегеніміз не? (Символ-ойды астарлап, басқа нәрсені суреттеу арқылы жасалатын нақтылы сипаты бар балама бейне. Мысалы, түлкі бейнесі арқылы қулықты, қоян бейнесі арқылы қорқақ адамды астарлап айтуға болады.)
35. Инверсия дегеніміз не? (Инверсия- сөздердің әдеттегі грамматикалық түзілу тәртібінен тыс, орындарын ауыстырып өзгеше тіркестер құратын фигураның бір түрі.)
36. Жиреншенің тапқырлығын қандай аңыз әңгімелерден көруге болады? («Сұратқан хан ақымақ па, сұраған сен ақымақ па?», «Жиренше шешен мен қарашаш сұлу», «Жиреншенің хан сынағына түскені»)
37. Махамбет өлеңіндегі Исатай бейнесі? (Мұнар күн» өлеңінде ел басындағы ауыртпалықты күйзеле, ашына айтты. Исатай — ақынның

- көп өлеңдерінің басты қаһарманы. «Тайманның ұлы Исатай», «Исатай деген ағам бар», «Исатай сөзі», «Тарланым», т.б. өлеңдерінде Исатайдың адамгершілігі, азаматтығы, батырлығы, қайсарлығы сипатталады.)
38. Абай Құнанбаевтың балаларға арналған өлеңдерін атаңыз? («Әсемпаз болма әр неге», «Ғылым таппай мақтанба», «Қыс», «Жаз», «Өлең сөздің патшасы, сөз сарасы» т.б)
39. Ыбырай Алтынсариннің балаларға арналған шығармаларын атаңыз? («Өзен», «Әке мен бала», «Бақша ағаштары», «Дүние қалай етсең табылады?»)
40. Батырлық жыры деген не? Ауыз әдебиетіндегі ең бай да көне жанрлардың бірі.^[1] Қаһармандық эпос деп те аталады. Батырлық жырлар халық өмірінің тұтас бір дәуірін жан-жақты қамти отырып, сол тарихи кезеңдегі батырлардың сыртқы жауларға қарсы ерлік күресін, ел ішіндегі әлеум. қайшылықтар мен тартыстарды бейнелеп береді. Бірақ онда тарихи оқиғалар тізбегі өмірде болған қалпында емес, жырдың көркемдік шешіміне лайықты өріледі.^[2] Бас кейіпкердің жүріс-тұрысына, өзге елге ерлік сапарға шығуына және өз елін жаудан азат етуіне байланысты оқиғалар бір қаһарманның маңына топталып, соның бейнесін ашуға қызмет етеді.
41. Монолог – сөз өнерінде кейіпкердің ішкі жай-күйін, толғаныс-тебіренісін бейнелеу мақсатында қолданылатын тәсіл. Монологтың ерекшелігі бір адамның ойы, сөзі көрініс табады. Сахналық Монологта кейіпкер өзімен-өзі сырласқандай болып, тыңдаушы не көрерменнен жауап күтпейді.
42. Инверсия дегеніміз не? (Инверсия- сөздердің әдеттегі грамматикалық түзілу тәртібінен тыс, орындарын ауыстырып өзгеше тіркестер құратын фигураның бір түрі.)
43. Құбылту яғни троп дегеніміз не? (Троп – сөздерді тура мағынасында емес, бұрма мағынасында қолдану шындықты бейнелеп, кейде тіпті перделеп таныту, ойды өзгертіп, кейде тіпті өзін айналдырып айту.)
44. Сұлтанмахмұт Торайғыровтың «Бір адамға» өлеңінің тәрбиелік мәні неде? (Сұлтанмахмұттың «Бір адамға» өлеңінде ел ішінді байлығына масаттанған бір адамның басқаларға істеген қиянатын, озбырлығын мен жиіркенішті қылықтарын батыл әшкере етеді. Өлең ащы мысқыл, зілді кекесін түрінде берілген)
45. Қадыр Мырза Әлінің шығармаларын атаңыз? («Күміс қоңырау», «Дала дидары», «Қорамсақ», «Көкпар»)
46. Өлең дегеніміз не? (Белгілі бір өлшеммен, қиыннан қиыстырып, үйлесімді ырғақпен ұйқасып келетін өрнекті сөз жүйесін өлең дейді.)
47. Абайдың жиырма тоғызыншы қара сөздерінің мәні? (Біздің қазақтың мақалдарының көбінің іске татырлығы да бар, іске татымақ түгіл, не құдайшылыққа, не адамшылыққа жарамай тұғыны да бар. Әуелі «Жарлы болсаң, арлы болма» дейді. Ардан кеткен соң, тірі болып жүрген құрысын. Егер онысы жалға жүргенінде жаныңды қинап еңбекпенен

- мал тап деген сөз болса, ол - ар кететұғын іс емес. Тыныш жатып, көзін сатып, біреуден тіленбей, жанын қарманып, адал еңбекпен мал іздемек - ол арлы адамның ісі.«Қалауын тапса, қар жанады», «Сұрауын тапса, адам баласының бермейтіні жоқ» деген - ең барып тұрған құдай ұрған сөз осы. Сұрауын табамын, қалауын табамын деп жүріп қорлықпенен өмір өткізгенше, малды не жерден сұрау керек, не аққан терден сұрау керек қой.«Атың шықпаса, жер өрте» дейді. Жер өртеп шығарған атыңның несі мұрат? «Жүз күн атан болғанша, бір күн бура бол» дейді. Тәңірге жазып, мінбей-түспей арып, шөмендеп диуаналықпен бір күн болған буралық неге жарайды?)
- 48.Ғ.Мүсіреповтың шоқтығы биік аналар тақырыбындағы туындыларын атаңыз? («Адамның анасы», «Ананың арашасы», «Өлімді жеңген ана», «Ақлима», «Ұлпан», «Ана шешемі айнымайды», «Ана жыры» т.б)
- 49.Теңеу дегеніміз не?(Теңеу - Жазушы бір нәрсені көркемдеп суреттеу үшін, ол нәрсенің өзгеше белгілерін көрсетпей – ақ оны екінші нәрсемен салыстырып та суреттей алады. Бұл салыстыруды теңеу деп атайды)
- 50.Қайталау дегеніміз не? (Қайталау. Белгілі бір ұғымға назар аударту үшін бір сөзді не бір сөйлемді қайта-қайта айтуды қайталау деп атайды. Қайталаудың бірнеше түрі болады.)
- 51.Аңыз дегеніміз не? (Тарихта болған әйгілі адамдар туралы, елдің, рудың шыққан тегі туралы, не нақтылы бір жерде өткен оқиғалар туралы тарихи шындыққа негізделген, бірақ уақыт өте келе көркем шығармаға айналып кеткен әңгіме. Аңыз әңгіме кейде өлең, кейде жыр күйінде болуы мүмкін)
- 52.«Көксерек» повесінің шығу тарихы?(Жазушының жұбайы Валентина Әуезова былай дейді: Бірде мен қабырға күнтізбесін сатып алдым(1929ж).Сол күнтізбе Мұхтардың жазу үстелінің тұсында ілулі тұратын еді. Қысқы түн, қар жамылған меңіреу дала, сонау алыста көз ұшында қар басқан кішкене деревняның оттары көрінеді.Ең алдыңғы қатарда түнде жортқан қасқыр тұр. Мұхтар «Көксерек » әңгімесін жазған болатын)
- 53.С.Мұқановтың шығармаларын атаңыз?(«Ботагөз», «Сұлушаш», «Есею жылдары», «Балуан Шолақ»)
- 54.Жиреншенің тапқырлығын қандай аңыз әңгімелерден көруге болады? («Сұратқан хан ақымақ па, сұраған сен ақымақ па?», «Жиренше шешен мен қарашаш сұлу», «Жиреншенің хан сынағына түскені»)
- 55.«Аяз би » ертегіде Жаманды хан болуға лайық деп, оған «Аяз би» деп ат қоюда қандай мән бар? (Жаман өзінің әділдігімен таққа мінген соң, соғыспай, ақылмен бес хандықты өзіне қаратты. Сол уақыттан бастап, әділдігі үшін бес ханның елі Жаманға «Аяз би» деп ат қойыпты)
- 56.Асан Қайғының жерұйықты іздеудегі мақсаты не? (Асанқайғы Желмаяға мініп, жиһан кезіп «Жерұйық» дейтін ну орманды , көкорай шалғынды, сулы жер, қой үстіне бозторғай жұмыртқалайтын қоныс іздейді. Ұлытаудың бас жағына келіп дүние салыпты)

57. Ыбырай Алтынсариннің балаларға арналған шығармаларын атаңыз? («Өзен», «Әке мен бала», «Бақша ағаштары», «Дүние қалай етсең табылады?»)
58. Абай Құнанбаевтың балаларға арналған өлеңдерін атаңыз? («Әсемпаз болма әр неге», «Ғылым таппай мақтанба», «Қыс», «Жаз», «Өлең сөздің патшасы, сөз сарасы» т.б)
59. Әңгіме дегеніміз не? (Әңгіме- оқиғаны баяндап айтуға негізделетін, қарасөзбен жазылған шағын көркем шығарма. Әңгіменің жанрлық ерекшеліктері алдымен баяндау тәсілі, композициялық, сюжеттік құрылысы, кейіпкер жүйесі арқылы айқындалады.)
60. Ахмет Байтұрсыновтың мысал әңгімелері? («Өгіз мен бақа», «Егіннің бастары»)
61. Мағжан Жұмабаев «Сүйемін» өлеңінің тақырыбы? (Анасын, елін, жерін сүетінін, өлең жолдармен суреттеген)
62. Шортанбай Қанайұлы «Зар заман» толғауы (Заман күйін, ар – ұят, адамгершілік, саяси билік, сауда, дін, иман, ұрлықтың көбейгені, әділеттің жоқтығы, күнкөріс жайы, саяси кіріптарлық т.б маселелер қозғалған)
63. Қ. Жұмаділовтің «Қаздар қайтып барады» әңгімесінің тақырыбы? (Бұл әңгімеде Байтас қарттың қырық жылдан кейін шекара асыртып, жолда көрген қиындықтарына төзе отырып, алып келгені бір – ақ нәрсе, ол – туған жерге, туған жердің топырағына деген сүйіспеншілік екенін көрсетеді.)
64. О. Сүлейменов «Қыз қуу» өлеңінің басты тақырыбы (Қазақтың ұлттық ерекшелігін танытатын, атадан балаға мұра болып жалғасып келе жатқан ұлттық ойын туралы, ұлттық ойынды дәріптеп, ұлттық мінезді сипаттайды.)
65. Қазақ салт – дәстүріндегі батаның маңызы? (Бата бата беру — адал ниет, жақсы тілек білдірудің ұлттық дәстүрі. Дастарқан басында, түрлі жиын-тойларда, т.б. адам өмірінде кездесер ірілі-ұсақты қуаныштар кезінде той, қуаныш иесіне арнап қол жайып, бата береді. Сондай-ақ, қиын сапар, алыс жолға аттанған азаматына ақ жол тілейтін халқымыздың ежелден келе жатқан, кең таралған дәстүрлерінің бірі. Бата беретіндер, көбіне, көпті көрген ақсақалдар мен кемеңгер де дуалы ауызды билер болып келеді. Бата қысылғанда — қуат, қиналғанда — медет беріп, әрбір іс-әрекетіңе даңғыл жол ашып, бәле-жаладан қорғайды деп есептелген. Бата көзі тірілерге ғана емес, аруақтарға да жасалған. Батасыз, тілексіз өмір болмайды. “Батамен ер көгереді, жаңбырмен жер көгереді” деп халқымыз текке айтпаған. Батаның да қисыны, айтылатын, айтылмайтын жері болады, қуаныш пен тойдың ретіне қарай, соған лайық Бата тілегі болады.)
66. Қазақ әдебиетіндегі діни әңгімелер? («Қасиетті құран кәрім жайында», «Адамата», «Сымайыл», «Зәмзәм»)

67. Абай Құнанабаевтың балаларға арналған өлеңдерін атаңыз? («Әсемпаз болма әр неге», «Ғылым таппай мақтанба», «Қыс», «Жаз», «Өлең сөздің патшасы, сөз сарасы» т.б
68. Шешендік сөздер дегеніміз не? (Байырғы салалары: бейнелі сөз, шешендік сын, шешендік өсиет, шешендік нақыл, шешендік дау, шешендік толғау. Әр қайсының әсерлі өңі, сұлулығы, татымдығы, дуалылығы, зерделігі адам ой жүйесіне, жан-дүниесіне, сезіміне мықты қозғау салады, жүрек тебіренеді. Тыңдаушының еркі мен сезімін билейді, толғандырады.)
69. Ер Төстіктің көмекшілеріне сипаттама бер?(Баукеспе ұры, Желаяк, Саққұлақ, Таусоғар, Көлтауысар, Қырағы)
70. Бақтығұл мен Тектіғұл Әуезовтің қай шығармасының кейіпкерлері екенін анықтаңыз. «Қараш-қараш оқиғасы».